Қазақстан Республикасы ІІМ
Басқару академиясы бастығының
міндетін уақытша атқарушысының
2026 жылғы «9» қаңтардағы №3 бұйрығына
1-ҚОСЫМША

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІІМ БАСҚАРУ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ 2026-2028 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ

Академияның Ғылыми кеңесінің
2025 жылғы «31» желтоқсандағы
№5 хаттамасымен мақұлданды және бекітілді

АСТАНА 2025

МАЗМҰНЫ

СТРАТЕГИЯ ПАСПОРТЫ....3
КІРІСПЕ 9
АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ 10
АКАДЕМИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ SWOT – ТАЛДАУЫ....19
СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР 22
КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР 31
ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕРЗІМДЕРІ....32
ҚОРЫТЫНДЫ....33

СТРАТЕГИЯ ПАСПОРТЫ

Атауы	Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының 2026-2028 жылдарға арналған даму стратегиясы
Әзірлеу негізі	1. «Құқық қорғау қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; 2. «Ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; 3. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; 4. «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Қазақстан Республикасының Заңы; 5. Мемлекет басшысының 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң және тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» Қазақстан халқына Жолдауы; 6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; 7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы №1233 қаулысымен бекітілген 2024–2028 жылдарға арналған қоғаммен әріптестікте қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тұжырымдамасы (құқық бұзушылықтардың алдын алу саласында); 8. Қазақстан Республикасы ІІМ білім беру ұйымдарында кадрларды даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүйесін жетілдіру және ғылыми әлеуетті арттыру бағдарламасы (2024–2028 жылдарға арналған); 9. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығымен бекітілген жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.
Әзірлеуші	Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясы
Миссиясы	Ішкі істер органдары қызметінің тиімділігін арттыруды басқарушы және ғылыми құрамды құқық қорғау жүйесін бейімделген түрде даярлау арқылы, сондай-ақ ведомстволық міндеттер бойынша ғылыми негізделген шешімдерді әзірлеу арқылы қамтамасыз ету.

Көрінісі	Басқару академиясы – ішкі істер органдары жүйесіндегі басқарушылық, ғылыми және білім беру құзыреттерінің жетекші ұлттық орталығы болып табылады. Академия кәсіби, этикалық және инновациялық ойлайтын басшылар мен зерттеушілерді қалыптастырып, қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз етудің заманауи сын-қатерлеріне тиімді жауап бере алатын мамандарды даярлайды.

Мақсаттары	**1.ІІО басшы кадрларын даярлау сапасын арттыру** Ішкі істер органдарын басқару буынының жоғары білікт мамандарымен қамтамасыз ету, олардың жүйелі ойла қабілетіне, мемлекеттік басқару және құқық саласында тере білімге ие болуына, цифрландыру жетістіктері мен жасанд интеллектті пайдалана отырып, стратегиялық сипаттағ жедел-қызметтік міндеттерді тиімді шешу қабілетін бағыттау. **2.Ғылыми кадрларды даярлау** Ішкі істер органдары алдында тұрған міндеттер бойынш ғылыми негізделген шешімдер қабылдауға қабілетті, дербе аналитикалық ойлайтын ғылыми мамандарды қалыптастыру **3.Ғылыми-талдамалық көшбасшылық** Академияны ведомстволық ғылымның жетекші ғылым орталығы ретінде қалыптастыру, сұранысқа ие ғылым білімдерді, талдамалық өнімдер мен инновациялы шешімдерді өндіруді қамтамасыз ететін тұрақты, ІІО үші де, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мемлекетті жүйесі үшін де бәсекеге қабілетті және тиімді ғылым ортаны дамыту. **4.Цифрлық экожүйе құру және инновациялық оқытуды енгізу** Оқыту процесіне инновациялық технологиялар ме цифрлық шешімдерді енгізу. Заманауи цифрлық білім бер ортасын қалыптастыру, ситуациялық модельдеуді, жасанд интеллект құралдарын және тәжірибеге бағытталған оқыт әдістерін қолдану. **5.Академияның кадрлық әлеуетін, сондай-а материалдық-техникалық және ресурстық базасы дамыту** Академияда жоғары ғылыми-теориялық және практикалы құзыреттерге ие тұрақты кадрлық әлеуетті қалыптастыру Академияның материалдық-техникалық инфрақұрылымы құру және дамыту. Академияны дамыту үшін бюджеттен ты қаражаттарды тарту. **6.Халықаралық ынтымақтастықты дамыту жән нығайту** Академия қызметінің негізгі бағыттарын дамыту үші халықаралық серіктестік байланыстарды орнату. Қазақста Республикасы ІІМ Басқару академиясын Орталық Азиядағ полиция қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігі арттыру бойынша өңірлік хаб ретінде қалыптастыру.

Міндеттері	**1.** Құқық қорғау қызметіндегі басқару дағдылары ме құзыреттерін құзыреттілікке және практикалы бағыттылыққа негізделген тәсілдер арқылы кешенді арттыру **2.** Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары енгізу және оларды инновациялық тұрғыда іске асыру. ІІ қызметкерлерінің зерттеушілік құзыреттерін дамыту. **3.** Ішкі істер органдары қызметін ғылыми-талдамалы сүйемелдеуге бағытталған қолданбалы ғылыми қызмет дамыту, сондай-ақ практикалық бағытталған ұсынымда әзірлеу. **4.** Инновациялық технологиялар мен жасанды интеллек элементтерін пайдалану арқылы білім беру процесі цифрлық трансформациялау. **5.** Академияның кадрлық әлеуетін қалыптастыруд кадрларды іріктеу, кәсіби дамыту және ынталандыр тетіктерін жетілдіру арқылы қамтамасыз ету, сондай-а материалдық-техникалық базаны жүйелі жаңғырту жән кеңейту, базалық қаржыландыру көлемін ұлғайту ме қосымша ресурстар көздерін тарту. **6.** Академияның халықаралық ынтымақтастығын дамыт және институционалдық тұрғыда нығайту, жетекші шетелді ведомстволық қауымдастықтармен, бейінді білім беру жән ғылыми ұйымдармен, сондай-ақ халықаралық және өңірлі ұйымдармен өзара іс-қимылды кеңейту. Орталық Азияд бәсекеге қабілетті полиция білім беру орталығы қалыптастыру үшін үздік білім беру тәжірибелерін енгізуд қамтамасыз ететін халықаралық және ведомствоаралы ынтымақтастықтың тұрақты жүйесін дамыту.

Қаржыландыру көздері	**1. Республикалық бюджет:** – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйке мемлекеттік мекемені ұстауға және мемлекеттік білім бер тапсырысын орындауға бөлінетін республикалық бюдже қаражаты. **2. Ғылыми-зерттеу гранттары мен жобалар:** – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білі министрлігінің Ғылым комитеті өткізетін конкурста шеңберінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істе министрлігі желісі бойынша ғылыми және ғылыми техникалық қызметті гранттық қаржыландыру; – Қазақстан Республикасы ІІМ стратегиялық жоспарлар шеңберіндегі бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру; – бірлескен құқық қорғау зерттеулерін іске асыру үші халықаралық гранттық бағдарламалар мен жобаларғ қатысу. **3. Ақылы қызметтерден түсетін қаражат:** – ақылы білім беру қызметтерін көрсету, біліктілікті арттыр курстарын және оқыту тренингтерін шарттық негізде өткіз нәтижесінде түсетін қаражат (Қазақстан Республикасыны заңнамасына сәйкес). **4. Мақсатты капиталды (эндаумент-қор) дамыту:** – Қазақстан Республикасының «Мақсатты капитал қорлар және эндаумент-қорлар туралы» Заңына (2025 жылғы 30 маусым) сәйкес құрылған Академия эндаумент-қорыны инвестициялық табысын қалыптастыру және пайдалану; – түлектердің (Alumni Network) қайырымдылық жарналары сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың демеушілік көмегі. **5. Инвестициялар және серіктестік жобалар:** – технологиялық серіктестермен ынтымақтастық турал меморандумдар шеңберіндегі қаражат (мысалы Академияның IT-инфрақұрылымына серікте компаниялардың инвестициялары есебінен зертханалар ме мамандандырылған сыныптар құру); – халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтасты барысында алынған бюджеттен тыс қаражат.

Жүзеге асыру қағидаттары	**1. Заңдылық және ашықтық:** Қазақстан Республикасының заңнамасын қатаң сақтау стратегиялық іс-шараларды жоспарлау мен іске асыру процестерінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету, сондай-ақ мүдделі тұлғалар үшін Стратегияны жүзеге асыру барысы туралы ақпараттың қолжетімділігі. **2. Жүйелілік және кешенділік:** Академияның білім беру, ғылыми, басқарушылық және кадрлық қызметін өзара байланысты жүйе ретінде қарастыру, оның дамуын келісілген және кешенді басқарушылық шешімдер негізінде жүзеге асыру. **3. Кезеңділік және сабақтастық:** Стратегиялық іс-шараларды кезең-кезеңімен жүзеге асыру, кезеңдер арасындағы іс-қимылдардың логикалық негізділігін қамтамасыз ету, қол жеткізілген нәтижелерді сақтау және дамыту. **4. Инновациялылық және цифрлық трансформация:** Қауіпсіздік, этика және деректерді қорғау талаптарын ескере отырып, заманауи басқарушылық, білім беру және ғылыми технологияларды, оның ішінде цифрлық шешімдер мен жасанды интеллект құралдарын енгізу. **5. Академиялық адалдық және этика:** Білім беру және ғылыми бағдарламаларды іске асыру барысында, сондай-ақ цифрлық және талдамалық құралдарды пайдалану кезінде академиялық адалдық, қызметтік әдеп және ғылыми адалдық қағидаттарын сақтау. **6. Басқарудың икемділігі мен бейімділігі:** Академияны басқару жүйесінің сыртқы және ішкі ортадағы өзгерістерге, жаңа сын-қатерлер мен қоғамдық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік саясаттың басымдықтарына уақтылы бейімделу қабілетін қамтамасыз ету. **7. Нәтижеге бағдарлану және жауапкершілік:** Стратегияны жүзеге асыруды нақты, өлшенетін және әлеуметтік маңызы бар нәтижелерге қол жеткізуге бағыттау, сондай-ақ оларды қамтамасыз ету үшін орындаушылардың жеке жауапкершілігін белгілеу.

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының 2026–2028 жылдарға арналған даму стратегиясы мемлекеттік басқару жүйесін жаңғырту, құқық қорғау қызметін цифрландыру және қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің өсуі жағдайында Академияны дамытудың негізгі басымдықтарын, мақсаттары мен тетіктерін айқындайды.

Құжат білім беру, ғылым және практиканың синтезіне негізделген, сондай-ақ цифрлық технологияларды белсенді енгізу мен жасанды интеллект құралдарын қолдануды көздейтін ішкі істер органдары үшін басқарушылық және ғылыми кадрларды даярлаудың заманауи моделін қалыптастыруға бағытталған.

АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясы (бұдан әрі — Академия) ІІО басшы құрамын даярлайтын орталық және Қазақстан Республикасының құқық қорғау саласындағы инновациялық тәсілдерді әзірлеуді, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметін сараптамалық сүйемелдеуді қамтамасыз ететін жетекші ғылыми-зерттеу хабы болып табылады.

Академия Мәңгілік Ел даңғылы, 55Б ғимараты мекенжайында орналасқан жедел басқару құқығындағы ғимаратқа ие. Ғимарат 2016 жылы пайдалануға берілген, қабаттылығы — 2 қабат және техникалық қабат, құрылыс көлемі — 25 918 м³, жалпы ауданы — 6 219,9 м², функционалдық құрылымында 162 кабинет бар.

Үлгілік штат кестесіне сәйкес Академияның штат саны 118 бірлікті құрайды *(Басшылық — 4, ҒЗИ — 31, факультеттер — 15, кафедралар — 28, қызметтер мен бөлімдер — 40, оның ішінде еркін жалдау бойынша — 15).*

Бүгінгі күні 60 бірлік жасақталған *(50%).*

Оның ішінде: *аттестатталған лауазымдарда* — 53 бірлік.

Жасақталмағаны: 58 бірлік *(50%),* оның ішінде: аттестатталған құрам — 50 бірлік, еркін жалданатын құрам — 7,5 бірлік.

ПОҚ — 28 бірлік (жасақталғаны: 13 бірлік, жасақталмағаны — 15 бірлік).

Ғылыми әлеует.

Академия бойынша жалпы ғылыми дәрежелілік көрсеткіші 39 адамды немесе 65%-ды құрайды:

Ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар 24 қызметкер — 40%:

(Д.В. Еремеев, О.Т. Сейтжанов, А.Б..Айтуарова, М.К. Жунусова, Д.А. Абеуов, В.В. Тен, О.Р. Цой, Е.М. Баймуханов, М.Д. Есекешова, Е.Е. Муханбеткалиев, Б.С. Абжанов, Б.А. Кулмаханбетова, М.Е. Балгожина, А.Ш. Шалбаев, Д.А. Жармагамбетова, Н.К. Сейтжанова, Э.А. Алимова, Е.М. Хакимов, Т.К. Туркенов, А.М. Жусипбекова, А.М. Нурбеков, К.С. Лакбаев, А.Б. Мусин, Д.К. Райбаев).

Полиция полковнигі және подполковнигі арнайы атақтары бар 15 қызметкер — 25%:

(К.Е. Аблезов, Ш. Сагатжанкызы, А.Ж. Жаксылыков, А.Б. Джуматов, С.К. Ажибекова, С.А. Дарменова, А.А. Беккожина, С.Г. Жексенбекова, А.Г. Аманбаева, Н. Жанхан, К.О. Карабеков, М.К. Нуркенова, Н.Д. Бубербаев, Ж.Ш. Кусаинов, А.М. Алимханова).

Профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми дәрежелілік көрсеткіші нақты 13 адамның 10-ын (76%) құрайды. Оның ішінде:

Ғылыми дәрежесі мен ғылыми атағы бар 8 қызметкер — 61%:

(Е.М. Баймуханов, М.Д. Есекешова, Е.Е. Муханбеткалиев, Б.С. Абжанов, Б.А. Кулмаханбетова, М.Е. Балгожина, А.Ш. Шалбаев, Д.А. Жармагамбетова).

Полиция полковнигі және подполковнигі арнайы атақтары бар 2 қызметкер — 15%:

(Д.А. Сагандыкова, А.А. Беккожина).

Академияда «Заң және тәртіп» қағидатын іске асыру және ішкі істер органдарының оң имиджін қалыптастыру бойынша іс-шаралар кешені жүйелі негізде жүзеге асырылуда. Қызметтік тәртіптің жоғары деңгейін сақтауға, тәртіптік теріс қылықтар мен құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі профилактикалық жұмысты ұйымдастыруға, сондай-ақ кәсіби әдеп нормаларын сақтауға және ұжымның күнделікті тыныс-тіршілігін тиімді ұйымдастыруға ерекше назар аударылады.

Аталған «Заң және тәртіп» қағидаты жеке құрамда құқықтық мәдениет пен заңға құрметті қалыптастыру мақсатында ресми веб-портал және жетекші әлеуметтік желілердегі (Instagram, Facebook) верификацияланған аккаунттар арқылы жарияланып келеді. Жарияланым белсенділігі ведомстволық ғылым мен білім беру жетістіктерін ілгерілетуге бағдарланған, бұл заңдылық пен құқықтық тәртіп мәселелері бойынша нысаналы аудитория үшін сапалы визуалдық және мазмұндық толықтыруды қамтамасыз етеді.

Басшы құрамды даярлау факультеті Қазақстан Республикасы
ІІМ кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау бойынша кешенді жұмыс жүргізуде. Білім алушылардың екі санаты үшін «Қазіргі жағдайларда ІІО қызметін басқаруды ұйымдастыру» даярлау курстарының бағдарламасы әзірленіп, бекітілген:

— Қазақстан Республикасы ІІМ орталық аппараты қызметтері мен аумақтық департаменттері бастықтарының орынбасарлары;

— қалалық және аудандық басқармалар (бөлімдер), сондай-ақ аумақтық бөлімшелер басқармаларының басшылары.

ІІО басшы құрамын оқыту ІІО тиімді басқару жүйесін құру саласында білім алуға, заманауи менеджмент құралдарын пайдалану дағдыларын меңгеруге және оның әдістерін ақпараттық технологиялар негізінде қолдану білігін қалыптастыруға, басқарудың икемді дағдыларын, оның ішінде стратегиялық және жүйелі ойлауды, ахуалды жедел әрі сапалы талдауды, қызметті тиімді жоспарлау мен ұжымды басқаруды (HR-менеджмент), сондай-ақ коммуникативтік қасиеттерді дамытуға және жетілдіруге бағытталған.

Сабақтар тренингтер, шеберлік сыныптары түрінде, оның ішінде Қазақстан Республикасы ІІМ және өзге де орталық әрі салалық мемлекеттік органдардың бірінші басшыларын тарта отырып, отандық және шетелдік сарапшылардың қатысуымен өткізіледі.

Барлығы 4 курс өткізілді, 69 қызметкер оқытылды:

− 2025 жылғы 31 наурыз бен 26 сәуір аралығында — 10 тыңдаушы;

− 2025 жылғы 28 сәуір мен 7 маусым аралығында — 23 тыңдаушы;

− 2025 жылғы 1 қыркүйек пен 27 қыркүйек аралығында — 9 тыңдаушы;

− 2025 жылғы 29 қыркүйек пен 8 қараша аралығында — 27 тыңдаушы.

Бұдан басқа, факультет келесі бағыттар бойынша 8 мамандандырылған курс пен семинар ұйымдастырды:

− ағымдағы жылғы 12–21 мамыр аралығында аумақтық
ПД бастықтарының тергеу жөніндегі орынбасарлары үшін коммуникативтік дағдыларды дамыту бойынша оқыту өткізілді — 21 тыңдаушы;

− ағымдағы жылғы 24–28 маусым аралығында ІІМ, БП, ҚМА, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің аумақтық бөлімшелерінің бірінші басшылары үшін «Көшбасшылық және басқару: стратегиядан әрекетке дейін» тақырыбында ведомствоаралық курс өткізілді — 10 тыңдаушы;

− ағымдағы жылғы 16–20 маусым аралығында Академия базасында (ІІМ Киберполиция департаменті) ІІМ, БП, ҚМА, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құқық қорғау органдарының қызметкерлері үшін «The Cyber Investigator Masterclass and Course» оқыту курсы өткізілді — 37 тыңдаушы;

− 2025 жылғы 31 шілде мен 2 тамыз аралығында аумақтық полиция департаменттерінің жеке құраммен жұмыс жөніндегі басқармалар бастықтарының орынбасарлары үшін «Ішкі істер органдарының жеке құрамымен жұмысты ұйымдастыру технологиялары» тақырыбында әдістемелік семинар өткізілді — 24 тыңдаушы;

− 2025 жылғы 25–28 тамыз аралығында Академия базасында (ІІМ ЗНШҮД) ішкі істер органдары қызметкерлеріне арналған «Цифрлық активтерді пайдалана отырып жасалатын қылмыстарға қарсы іс-қимыл және криптокриминалистиканың негіздері» тақырыбында көлемі 38 сағат болатын біліктілікті арттыру курстары өтті — 70 тыңдаушы;

− ағымдағы жылғы 11–12 қыркүйекте Қазақстан Республикасы ІІМ ЖҚЖД Астанадағы ЕҚЫҰ бағдарламалар офисімен бірлесіп, Қазақстанның ішкі істер органдары қызметкерлері үшін «Кайдзен бойынша базалық практикалық курс» өткізді, оған ҚР ІІМ орталық аппараты мен аумақтық департаменттері бөлімшелерінің басшылары қатысты, барлығы 30 тыңдаушы, оның ішінде: ІІМ орталық аппаратынан — 16, Академиядан — 5, ВАК-тан — 9 тыңдаушы;

− 1–14 желтоқсан аралығында Академия базасында «Ashyq Aspan Foundation» ғылыми-білім беру қорымен (бұдан әрі — Қор) бірлесіп, ІІО 20 тыңдаушысы үшін ұшқышсыз ұшу аппараттарын басқару дағдылары бойынша курс өткізілді;

− ағымдағы жылдың 8–13 желтоқсаны аралығында аумақтық полиция департаменттері Штаб-басқармаларының бастықтары үшін біліктілікті арттыру курсы өткізілді — барлығы 20 тыңдаушы.

Біліктілікті арттыру бағдарламалары бойынша жалпы қамту ІІО мен құқық қорғау органдарының 232 тыңдаушысын құрайды.

Оқыту ведомствоаралық және халықаралық форматта, салалық қорлар мен ІІМ-нің мамандандырылған бөлімшелерінің қатысуымен жүзеге асырылды.

Басқару академиясының қызметі білім беру қызметін лицензиялау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді. Нормативтік-құқықтық базаға талдау жүргізілді, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары, оқу жоспарлары, академиялық саясат құжаттары, ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі және оқу жетістіктерін бағалау стандарттары әзірленіп, өзектендірілді.

Құжаттардың толық топтамасы e-license.kz порталы арқылы лицензиялаушы органға қалыптастырылып, жолданды, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен өзара іс-қимыл қамтамасыз етілді. Құжаттық және көшпелі тексеру нәтижелері бойынша Академияның кадрлық, материалдық-техникалық және әдістемелік қамтамасыз ету бөлігіндегі белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі расталды.

Басқару академиясы 2025 жылғы 23 маусымдағы № KZ26LAM00007491 лицензиясын 8D123 және 7M123 «Қоғамдық қауіпсіздік» білім беру бағдарламалары бойынша PhD докторантурасы мен магистратураның (ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар) бағдарламаларын жүзеге асыруға алды.

Білім беру бағдарламалары, оқу жоспарлары, сабақ кестелері және пәндердің жұмыс оқу бағдарламалары әзірленіп, бекітілді. Оқу курстарының мазмұны цифрландыру және ұлттық қауіпсіздік саласындағы мемлекеттік басымдықтарды ескере отырып жаңартылды. Құқық қорғау қызметіндегі жасанды интеллект, заманауи IT-технологиялар және киберқауіпсіздік бағыттары бойынша пәндер жаңартылды. Оқу модульдері практикалық кейстермен, ситуациялық модельдеумен және цифрлық шешімдерді қолданудың халықаралық тәжірибесі жөніндегі материалдармен күшейтілді. Білім беру процесін ұйымдастыру, оқу нәтижелерін бақылау және есепке алу үшін «BilimWave» электрондық білім беру платформасы енгізілді.

Оқу аудиториялары мен зертханалар оқу процесіне толық дайындалды: жоспарлы жөндеу жұмыстары жүргізілді, компьютерлік сыныптар жаңартылды, интерактивті панельдер, бейнеконференцбайланыс жүйелері және мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету орнатылды. Академия интерактивті оқыту құралдарымен және бағдарламалық қамтамасыз етумен жабдықталған мамандандырылған аудиториялармен, сондай-ақ цифрлық криминалистикаға, ІІО міндеттерін цифрлық шешуге арналған жоғары өнімді жұмыс станцияларымен және командалық-штабтық оқу-жаттығулар полигонымен қамтамасыз етілген, бұл шынайы қызметтік жағдайларға барынша жақын ортада практикалық-бағдарлы сабақтар өткізуге мүмкіндік береді.

Академия кітапханасының кітап қоры 2089 (екі мың сексен тоғыз) дананы құрайды. Бұдан басқа, 3000 (үш мың) электрондық оқулық бар. Кітапхана қорына Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Алматы, Қарағанды, Қостанай, Ақтөбе академиялары, сондай-ақ Ұлттық академиялық кітапхана тарапынан кітаптар сыйға тартылды. ІІМ, жоғары әскери оқу орындары, Астана қаласының серіктес кітапханаларының кітапхана қорларына, сондай-ақ БҰҰ ЕҚБ ресурстары мен қорларына қол жеткізу қамтамасыз етілген.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 1 сәуірдегі № 240 «Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орындарының 2025 жылға арналған магистратурасы мен PhD докторантурасын жасақтау туралы» бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Басқару академиясының (бұдан әрі – Академия) «7M12302 – Құқық

қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша бейіндік магистратурасына 10 қабылдау орны, «7М12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми-педагогикалық магистратурасына 10 қабылдау орны, «8D12301 – Құқық қорғау қызметі» білім беру бағдарламасы бойынша PhD докторантурасына 10 қабылдау орны белгіленді. Қазақстан Республикасының «Білім туралы», «Ғылым және технологиялық саясат туралы», «Құқық қорғау қызметі туралы» заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери, арнаулы оқу орындарына оқуға қабылдау қағидаларына, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 13 қаңтардағы № 24 бұйрығына сәйкес және Академия бастығының міндетін атқарушының 2025 жылғы 23 шілдедегі № 12 «Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының 2025 жылы жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша қабылдауды ұйымдастыру және өткізу туралы» бұйрығы негізінде 2025 жылғы 3 шілде мен 3 тамыз аралығында құжат қабылдау жүзеге асырылып, үміткерлерден 48 оқу ісі келіп түсті.

Шетел тілі бойынша кіріспе тестілеу нәтижесінде шекті балл жинағандар:

− бейіндік магистратураға — 11 үміткер;

− ғылыми-педагогикалық магистратураға — 22 үміткер;

− PhD докторантурасына — 13 үміткер;

− 2 үміткер шет тілін меңгергенін Жалпыеуропалық құзыреттерге (стандарттарға) сәйкес растайтын халықаралық сертификат ұсынды.

Бейіндік, ғылыми-педагогикалық магистратураға және Академияның PhD докторантурасына мамандық бойынша қабылдау емтиханын өткізу үшін Академия бастығының 2025 жылғы 23 шілдедегі № 13 бұйрығымен емтихан және апелляциялық комиссиялардың құрамы бекітілді.

Бейін бойынша емтихан комиссиясының құрамына:

комиссия төрағасы — З.С. Токубаев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының қылмыстық құқық және криминология кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы, профессор.

комиссия мүшелері:

− О.Т. Сейтжанов, Академия бастығының орынбасары, заң ғылымдарының кандидаты, профессор, полиция полковнигі;

− Б.А. Кулмуханбетова, Академияның арнайы даярлық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент);

− А.М. Жусипбекова, Академия ҒЗИ-нің тергеу және анықтау проблемаларын зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі.

Кіріспе емтихандар өткізу кезеңінде даулы мәселелерді шешу мақсатында мынадай құрамда апелляциялық комиссия құрылды:

комиссия төрағасы — В.В. Хан, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының

арнайы пәндер кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), әділет кеңесшісі.

комиссия мүшелері:

− А.Ж. Нурушев, Академия ҒЗИ бастығы, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

− Э.А. Алимова, Академияның ғалым хатшысы, философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі;

− Е.М. Хакимов, ҒЗИ бастығының орынбасары, сонымен қатар ІІО басқару проблемаларын зерттеу орталығының бастығы, философия докторы (PhD), полиция подполковнигі.

2025 жылғы 16 тамызда Академияға бейіндік, ғылыми-педагогикалық магистратураға және PhD докторантураға оқуға түсетін, кіріспе емтихандарды сәтті тапсырған үміткерлерді қабылдау жөніндегі Академияның қабылдау комиссиясының отырысы өтті.

Қабылдау науқанының қорытындысы бойынша 29 адам оқуға қабылданды, оның ішінде:

− бейіндік магистратураға — 9;

− ғылыми-педагогикалық магистратураға — 10;

− PhD докторантурасына — 10.

Басқару академиясының ғылыми-зерттеу қызметі ішкі істер органдары жүйесінде ғылыми-зерттеу қызметін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа (Қазақстан Республикасы ІІМ Министрінің № 354 бұйрығы), Академияның ғылыми-зерттеу қызметі жоспарына және Қазақстан Республикасы ІІМ ҒЗҚ жоспарына, сондай-ақ ішкі істер органдарын дамытудың басымдықтарына сәйкес жүзеге асырылады.

Басқару академиясы мынадай үш тақырып бойынша ғылыми зерттеулер жүргізді:

− жедел-криминалистикалық қызметті жаңғырту (тапсырыс беруші — ЖКД);

− жастар ортасындағы бопсалаудың алдын алу (тапсырыс беруші — КПД);

− ішкі істер органдары қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың жаңа модельдерін әзірлеу (тапсырыс беруші — ЖҚЖД).

Қазақстан Республикасы ІІМ Ғылыми-техникалық кеңесінің 2025 жылғы 31 наурыздағы шешіміне сәйкес криминалистика және құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытындағы зерттеулер ІІМ-нің бейінді білім беру ұйымдары — Алматы және Қарағанды академияларына берілді.

Аталған зерттеу нәтижелері практикалық бағытқа ие және ішкі істер органдарын кадрлық қамтамасыз ету саласындағы басқарушылық шешімдерді қалыптастыру мен түзетуде қолданылады.

Академияның ғылыми-зерттеу қызметінің өнімділігі 23 атаудағы оқу және ғылыми-әдістемелік әдебиетті шығарумен расталады, оның ішінде:

− 2 монография;

− 2 оқу-әдістемелік құрал;

− 3 оқу құралы;
− 10 әдістемелік ұсыным;
− 2 оқу-практикалық құрал;
− 1 практикум;
− 1 конференция материалдарының жинағы;
− 2 талдамалық анықтама.

Академияның заң шығармашылық қызметі нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру бойынша 18 ұсыныс әзірлеу арқылы көрініс тапты.

Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мақсатында жарияланған дереккөздерден алынған мәтіндік сәйкестіктердің бар-жоғын және көлемін тексеру, сондай-ақ олардың түпнұсқалық деңгейін айқындау үшін StrikePlagiarism.com антиплагиат жүйесі қызметтерін ұсыну туралы шарт жасалды.

Басқару академиясы қызметінің басынан бері қызметкерлер 52 ғылыми мақала жариялады, оның ішінде:

− 3 мақала — халықаралық Scopus дерекқорында;
− 35 мақала — Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда;
− 14 мақала — өзге басылымдарда.

Аталған көрсеткіштер жарияланым белсенділігінің тұрақты деңгейін және Академия ғылыми зерттеулерінің ұлттық және халықаралық ғылыми кеңістікке кезең-кезеңімен кірігуін көрсетеді.

Бұдан басқа, оқу-әдістемелік құралдардың таныстырылымы өткізілді, сондай-ақ халықаралық стандарттарды интеграциялау мәселелеріне арналған пәнаралық дөңгелек үстелдер ұйымдастырылды.

Басқару академиясында оның құқық қорғау басқармасы саласындағы сараптамалық және пікірталас алаңы ретіндегі мәртебесін нығайтқан ғылыми және білім беру іс-шаралары ұйымдастырылды, оның ішінде:

− 2025 жылғы 28 наурыз — «Кодекстер қолданыста: құқық қолдану практикасының 10 жылы, жетістіктері және одан әрі даму перспективалары» тақырыбында дөңгелек үстел;
− 2025 жылғы 28 маусым — Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің қатысуымен «Жаңа форматтағы басшылар» тақырыбында халықаралық ғылыми форум;
− 2025 жылғы 25 қыркүйек — «Полицияның біліктілігін арттыру жүйесіне халықаралық стандарттарды интеграциялау» тақырыбында дөңгелек үстел.

Ғылыми зерттеулерді жүзеге асыратын Академияның негізгі құрылымдық бөлімшесі — Ғылыми-зерттеу институты, ол Қазақстан Республикасы ІІМ орталық аппаратының тапсырыстары мен тапсырмалары бойынша, сондай-ақ бекітілген ғылыми-зерттеу қызметі жоспарлары шеңберінде қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізеді.

ҒЗИ-дің штат саны — 31 адам:

бастық — 1,

бастықтың орынбасары, сонымен қатар ІІО басқару проблемаларын зерттеу орталығының бастығы — 1.

Институт 6 орталықтан тұрады:

1. ІІО басқару проблемаларын зерттеу орталығы;
2. Тергеу және анықтау проблемаларын зерттеу орталығы;
3. ІІО жедел-іздестіру қызметі проблемаларын зерттеу орталығы;
4. ІІО әкімшілік қызметі проблемаларын зерттеу орталығы;
5. ІІО қылмыстық-атқару жүйесі проблемаларын зерттеу орталығы;
6. Қоғамдық қауіпсіздік саласындағы орталық.

ҒЗИ-дің ғылыми әлеуеті 12 бірлікпен жасақталу кезінде (39%) былайша ұсынылған: философия докторы (PhD) дәрежесі және қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағы бар 2 қызметкер, философия докторы (PhD) дәрежесі бар 4 қызметкер және магистр дәрежесі бар 6 қызметкер.

Ғылыми қызмет субъектісі ретінде аккредиттеу туралы куәлік алынды (2025 жылғы 12.11. берілген куәлік), бұл ғылыми және ғылыми-техникалық қызметті институционалдық негізде жүзеге асыруға, ғылыми-зерттеу жобаларын дербес жоспарлауға және іске асыруға, ғылыми бағдарламалар мен гранттар конкурстарына қатысуға мүмкіндік береді.

Академия ғылыми зерттеулерді халықаралық ғылыми қауымдастыққа кіріктіруге, бірлескен жобаларға қатысуды кеңейтуге және зерттеу нәтижелерінің шетелдік ғылыми басылымдардағы көрсетілімін арттыруға бағдарланған.

ҒЗИ цифрлық технологияларды белсенді дамыту және ғылыми-талдамалық қызметке жасанды интеллект құралдарын енгізу жағдайында ғылыми зерттеулерді жүзеге асырады. Осыған байланысты ғылыми зерттеулерде ЖИ пайдаланудың бірізді тәсілдерін дамыту, оның этикалылығын, ашықтығын және деректерді қорғауды қамтамасыз етуге, сондай-ақ ғылыми қызметкерлерде заманауи ЖИ құралдарын зерттеу жұмысында қолданудың практикалық дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Академияның сыртқы саясатының негізгі векторы жетекші бейінді бірлестіктермен әріптестікті институционалдық тұрғыдан бекіту болып табылады.

Академияның түркі мемлекеттерінің полиция академиялары платформасына (TÜRKPAP) кіруі маңызды оқиға болды, онда Бас Ассамблея отырысының қорытындысы бойынша Академия өкілі ұйымның вице-президенті болып сайланды.

Сондай-ақ Академия Халықаралық полиция академиялары қауымдастығына (INTERPA) толыққанды мүше болу арқылы халықаралық диалог алаңдарындағы ұстанымын нығайтты.

Бұдан басқа, Академия ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ІІМ/полиция білім беру ұйымдары қауымдастығының тұрақты әрі толыққанды мүшесі болды.

Сонымен қатар Академия шетелдік жоғары оқу орындарының филиалдарын ашу және қос дипломды бағдарламаларды іске қосу бойынша белсенді жұмыс жүргізуде. Атап айтқанда:

− 29 қазанда Үндістанның Ұлттық сот ғылымдары университетінің (NFSU) Академия базасында филиалын ашу және бірлескен білім беру бағдарламаларын іске қосу туралы меморандумға қол қойылды;

− 10 қарашада Халықаралық көші-қон ұйымымен (бұдан әрі — ХКҚҰ) және Найф атындағы Араб қауіпсіздік ғылымдары университетімен ведомстволық білім беру және ғылым саласындағы бірлескен жобаларды көздейтін үшжақты ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

ХКҰ-мен және Еуропалық Одақтың Орталық Азиядағы шекараны басқаруға жәрдемдесу бағдарламасының өңірлік офисімен (бұдан әрі – БОМКА) 10-фаза шеңберінде Академияда 2 оқу сыныбы жабдықталып, оқу құралдары алынды.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде БҰҰ ЕҚБ тарапынан БҰҰ-ның жаһандық платформасындағы электрондық оқыту модульдері, сондай-ақ олардың оқу материалдары мен ресурстарына сілтемелер алынды.

Халықаралық өзара іс-қимылды іске асыру шеңберінде Академия халықаралық ұйымдармен (БҰҰ ЕҚБ, БҰҰДБ, ЕҚЫҰ, ХКҚҰ), шет мемлекеттердің дипломатиялық миссияларымен және технологиялық нарық көшбасшыларымен («Хуавэй Текнолоджиз» ЖШС), сондай-ақ елдің жетекші технологиялық компанияларымен (Seven Hills Intelligence, Ashyq Aspan Foundation, Kazdream Special Systems) жүйелі жұмысты жалғастырды.

Қабылданған шаралар кешені инфрақұрылымды жаңғыртуға, оқу процесін цифрландыруға және академиялық ұтқырлықты кеңейтуге бағытталған.

АКАДЕМИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ SWOT – ТАЛДАУЫ

1. Күшті жақтары (Strengths)

Заманауи материалдық-техникалық база және тиімді орналасу орны: EXPO кешенінде орналасқан, инновациялық және мемлекеттік инфрақұрылымға (ЖИ-орталықтары, IT-университеттер, халықаралық және ведомстволық құрылымдар) кіріктірілген заманауи ғимараттың жедел басқару құқығында болуы.

Кадрлық әлеует: ішкі істер органдарында қызмет өткеру бойынша практикалық тәжірибесі бар білікті профессорлық-оқытушылық құрам.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруге институционалдық дайындық: магистратура және докторантура бағдарламаларын іске асыруға арналған қолданыстағы лицензия, белгіленген талаптарға сәйкес қалыптастырылған оқу, ғылыми және әкімшілік инфрақұрылым.

Басшы кадрларды даярлаудың бірегей жүйесі: Академия құрылымында басшы құрамды даярлаудың мамандандырылған факультетінің болуы және жұмыс істеуі.

Практикалық-бағдарлы және цифрлық оқыту моделі: заманауи оқу полигондары (командалық-штабтық оқу-жаттығулар залы, цифрлық криминалистика зертханасы, цифрлық шешімдер аудиториясы), цифрлық білім беру технологияларын белсенді пайдалану, оқытуды дараландыруға және жеке білім беру траекторияларына дайындық.

Жүйелі ұйымдастырылған ғылыми қызмет: ІІО жүйесіндегі жалғыз Ғылыми-зерттеу институты, оның нәтижелері ІІМ-нің барлық қызметтерінің практикалық қызметіне ықпалдастырылған.

Құқық шығармашылығына және сараптамалық күн тәртібіне ықпал ету: заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге қатысу, Академияның сараптамалық мәртебесінің өсуі.

Ғылыми және әдістемелік нәтижеліліктің жоғары деңгейі: ғылыми және оқу-әдістемелік өнімдерді тұрақты шығару, отандық ұсынылған басылымдардағы жарияланым белсенділігінің тұрақтылығы.

Халықаралық интеграция: Академияның халықаралық ғылыми-білім беру саласында танылуы, бейінді қауымдастықтарға мүшелігі, халықаралық білім беру және ғылыми ресурстарға қолжетімділігі.

Академиялық адалдықты қамтамасыз ету: академиялық адалдықтың институционалдық тетіктері мен антиплагиат жүйелерін енгізу.

2. Әлсіз жақтары (Weaknesses)

Академияның материалдық-техникалық базасын кеңейтудің шектеулі мүмкіндіктері: ғимараттың қолда бар алаңы Академия қызметінің жаңа бағыттарын толық көлемде іске асыруға мүмкіндік бермейді. Баспахананың және штаттық әдеби/техникалық редакторлардың болмауы.

Кадрлық шектеулер: ғылыми-педагогикалық кадрлармен толық жасақталмауы, цифрлық салада пәнаралық білімі бар мамандар тапшылығы,

сарапшыларды ұстап қалу және дарынды мамандарды тарту тетіктерінің шектеулілігі.

Жарияланымдық және халықаралық шектеулер: халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдардағы жарияланым белсенділігінің төмендігі, бірлескен халықаралық зерттеулер мен гранттық жобалардың болмауы.

3. O – Opportunities (Мүмкіндіктер)

Ғылыми-білім беру ортасын цифрлық трансформациялау: ІІМ-нің бірыңғай электрондық ғылыми-білім беру платформасын құру, қашықтан, модульдік және гибридті оқыту нысандарын дамыту; AI-аналитиканы, VR/AR тренажерларын және ҰҰА симуляторларын енгізу; ведомстволық ақпараттық жүйелермен интеграцияланған, орталықтандырылған деректер базасы мен аналитикасы бар ғылыми-зерттеу қызметінің автоматтандырылған мониторинг жүйесін енгізу, ІІМ зерттеулерінің «институционалдық жадысын» қалыптастыру.

Жеке білім беру траекторияларын кеңейту: халықаралық сертификаттарды және формальды емес білім беру нәтижелерін тану білім алушылардың ұтқырлығы мен білім беру бағдарламаларының икемділігін қамтамасыз етеді.

Инфрақұрылымдық өсу: материалдық-техникалық базаны орталықтандырылған қаржыландыру, мемлекеттік және ведомстволық бағдарламалар, гранттар мен серіктестік жобалар, эндаумент-қорлар арқылы жаңғырту.

Сыртқы сарапшыларды тарту: практиктерді, шетелдік сарапшыларды және ғылыми консультанттарды тарту ғылыми-білім беру процесінің практикалық бағдарлылығын, сондай-ақ Академия қызметінің сапасын күшейтеді.

Халықаралық зерттеу белсенділігінің өсуі: халықаралық желілер мен әріптестік арқылы бірлескен қолданбалы зерттеулер мен гранттық жобаларды іске қосу, академиялық алмасулар мен қос дипломды бағдарламаларды кеңейту.

Жарияланым әлеуетін арттыру: ғылыми тәлімгерлік институты мен авторларды әдістемелік қолдау есебінен халықаралық дерекқорлардағы жарияланымдар санын арттыру.

ІІМ сараптамалық орталығын қалыптастыру: Академияның басқарушылық шешімдерді талдамалық сүйемелдеудегі, нормативтік бастамаларды әзірлеудегі және дәлелді профилактика мен қылмыстылықты болжауды енгізудегі рөлін күшейту.

ІІМ ғылыми әлеуетін қалыптастыру: Академияның диссертациялық кеңесін, ғылыми мектептерін және ғылыми кадрларды даярлау жүйесін құру. Ведомстволық журналды уәкілетті орган ұсынатын басылымдар тізбесіне және ғылымиметриялық дерекқорларға енгізу.

4. T – Threats (Қатерлер)

Қаржылық тәуекелдер: бюджеттік қаржыландырудың шектеулілігі. Серіктестік қаржыландыруды қолдаудың болмауы, эндаумент-қорлар қызметінің заңнамалық шектеулері.

Технологиялық артта қалу: оқу бағдарламаларының, материалдық-техникалық базаның және персонал құзыреттерінің бейімделуінен озып кететін цифрлық технологиялар мен оқыту құралдарының жылдам жаңару қарқыны.

Кадрлық шығындар: білікті кадрлардың кету қаупі, сарапшылардың Академия қызметіне, әсіресе ЖИ, киберқауіпсіздік және деректер аналитикасы салаларында үзік-үзік қатысуға мүдделілігінің төмендігі.

Бәсекелестік қысым: қаржыландырылатын зерттеулер конкурстарында, кадрлық ресурстар мен ұлттық және халықаралық деңгейлердегі сараптамалық мәртебе үшін білім беру және ғылыми ұйымдар тарапынан бәсекелестіктің күшеюі.

Әкімшілік жүктеменің артуы: есептік және бақылау жүктемесінің, жоспардан тыс зерттеулердің, заңнамалық бастамалардың, ведомстволық және халықаралық деңгейдегі іс-шаралардың, жоспардан тыс оқыту курстарының көбеюі.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР

1 Стратегиялық бағыт. ІІО басшы кадрларын даярлау сапасын арттыру

Басқарушылық әлеуеті бар перспективалы қызметкерлерді анықтау жүйесін енгізу ІІО жүйесінің кәсіби өзегін қалыптастырудың негізі болатын персоналды басқару мен мемлекеттік қызметтің заманауи теориясында танылған құзыреттілік, жүйелі және қызметтік тәсілдер негізінде жүзеге асырылуы ұсынылады.

Құзыреттілікке негізделген, проблемалық-бағдарланған және жобалық тәсілдерді интеграциялау негізінде ІІО басшы құрамын даярлау бағдарламаларын тұрақты жетілдіру.

Білім беру бағдарламаларына талдамалық құрамдасқа арналған курстарды енгізу, шешім қабылдауды қолдаудың талдамалық және ситуациялық жүйелерімен жұмыс істеуге үйрету; үлкен деректерді талдау, болжау және визуализациялау әдістерін меңгерту; цифрландырудың жаңа әдістері мен ЖИ қолдануды зерделеу.

Ведомствоаралық өзара іс-қимыл және стратегиялық болжау дағдыларын жүйелік және институционалдық тәсілдер арқылы қалыптастыру, сценарийлік болжау әдістемелерін енгізу; ведомствоаралық стратегиялық сессиялар мен симуляциялық оқу-жаттығулар өткізу; заңнама мен басқарушылық модельдердегі өзгерістерді ескере отырып тұрақты қайта даярлау жүргізу.

Басшы құрамды даярлау факультеті жоғары белгісіздік, цифрлық трансформация және басқару ортасының күрделенуі жағдайында ІІО басқару жүйесінің орнықты дамуының құралына айналуға тиіс.

2 Стратегиялық бағыт. Ғылыми кадрларды даярлау

Ғылыми кадрларды даярлау жөніндегі стратегиялық бағыт зерттеу мәдениетінің жоғары деңгейіне ие, іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді дербес жүргізуге, сондай-ақ олардың нәтижелерін білім беру және практикалық қызметке енгізуге қабілетті бәсекеге қабілетті ғылыми және ғылыми-педагогикалық мамандарды қалыптастыруға бағдарланған.

Ең алдымен осы стратегиялық бағытты іске асыру магистрлік және докторлық (PhD) диссертациялардың тақырыптарын ішкі істер органдарының өзекті міндеттері мен қоғамдық қауіпсіздікке төнетін жаңа қатерлерге сәйкес жыл сайын жаңарту арқылы жетілдіруді көздейді.

Қоғам мен мемлекеттің әрбір даму кезеңінде қажетті, ішкі істер органдары қызметкерлері үшін сұранысқа ие білімдерге, дағдылар мен құзыреттерге сәйкес білім беру бағдарламаларын тұрақты түрде жаңарту.

Жас зерттеушілердің ғылыми жетекшілері мен тәлімгерлерінің жоғары білікті қауымдастығын қалыптастыру және ғылыми әлеуетті жүзеге асыруға әрі қажетті зерттеушілік қасиеттерді дамытуға мүмкіндік беретін қолайлы ғылыми-зерттеу ортасын құру.

Жас ғалымдарды қолдау және сүйемелдеу институттарын құру, жарияланым белсенділігін арттыруға жәрдемдесу және ғылыми кадрларды даярлаудың халықаралық академиялық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету.

Стратегиялық бағыт шеңберінде бейінді ұйымдармен халықаралық әріптестік қатынастарды іске асыру арқылы жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауда халықаралық ғылыми ынтымақтастықты кеңейту көзделеді.

Магистранттар мен докоранттарды ІІМ тапсырысы бойынша жүргізілетін ғылыми зерттеулерге, гранттық қаржыландырылатын зерттеулерге, сондай-ақ Академияның өзге де жобаларына тарту факультеттің ғылыми әлеуетін нығайтуға және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің орнықты дамуына тұтастай ықпал етеді.

ІІО-дағы жоғары оқу орнынан кейінгі оқыту бағдарламаларын тұрақты жаңарту практикалық бағдарлылық, цифрлық технологияларды енгізу қағидаттарына негізделеді. Инновациялық іске асыру зерттеу құзыреттерін дамыту үшін кейс-әдістерді, симуляцияларды және желілік оқыту нысандарын пайдалануды қамтиды.

Заманауи цифрлық ортада тиімді қызметтік қызмет үшін қажетті құзыреттерді дамыту мақсатында зерттеу мәдениетін қалыптастыру және инновациялық білім беру технологияларын енгізу.

3 Стратегиялық бағыт. Ғылыми-талдамалық көшбасшылық

Жоғарыда көрсетілген талдау мен стратегиялық құжаттар талаптарына сүйене отырып, өзара байланысты стратегиялық бастамалар кешенін іске асыру ұсынылады. Олар Академияның күшті жақтарын пайдалануға, әлсіз жақтарын еңсеруге, сондай-ақ ашылып отырған мүмкіндіктерді іске асыруға және сыртқы қатерлерді бейтараптандыруға бағытталған. Әрбір бағыт мақсат қоюды, іске асыру жөніндегі негізгі шараларды, күтілетін нәтижелер мен орындау мерзімдерін қамтиды.

ҒЗИ құрылымында құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қылмыстық-атқару жүйесін реформалаудың дәлелді (evidence-based) моделіне ІІМ көшуін қамтамасыз ететін орнықты талдамалық өзек құру. Орталық қылмыстылықты тұрақты мониторингтеу және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу алаңына айналады.

Академияның ғылыми мектептерінің сабақтастығын қамтамасыз ету және жас мамандардың тәлімгерлігі мен жеке даму траекторияларының орнықты жүйесі арқылы зерттеушілер мен оқытушылардың кадр резервін даярлау.

Бұл бағыт тәжірибелі ғалымдар мен практиктерді жас қызметкерлермен, магистранттармен және докоранттармен байланыстыратын тәлімгерлік институтын қалыптастырады. Академияда тәлімгерліктің тиімді жұмыс істейтін жүйесі құрылады. Ғылыми жарияланымдары және ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысуы бар жас қызметкерлер санының артуы, ҒЗИ мен кафедралар үшін орнықты кадр резервінің қалыптасуы күтіледі.

Академияда орындалатын диссертациялық зерттеулердің, оқу және әдістемелік әзірлемелердің сапасы тәлімгерлердің қолдауы арқылы артады. Болашақта бұл ІІМ ведомстволық ғылыми мектебін нығайтып, ғылыми кадрлар буындарының сабақтастығын қамтамасыз етеді.

ІІМ жүйесінде ғылыми зерттеулер мен диссертациялық жұмыстардың нәтижелерін есепке алу, талдау және тиімді пайдалану үшін бірыңғай цифрлық орта құру. Бірыңғай тізілім мен оған ілеспе цифрлық құралдар арқылы академиялық адалдық пен ғылыми білімді басқарудың жоғары стандарттарын қамтамасыз ету.

Жас ғылыми қызметкерлерде, оқытушыларда, магистранттарда және докоранттарда ІІМ ведомстволық ғылымында жұмыс істеуге қажетті базалық зерттеушілік құзыреттер жиынтығын дамыту. «Жас зерттеуші мектебі» бағдарламасы жаңадан бастаушыларды ішкі істер органдары тақырыбы бойынша жоғары сапалы зерттеулер жүргізуге практикалық тұрғыдан даярлауға арналған.

Академияның ғылыми қызметкерлері мен оқытушыларының халықаралық ғылыми дереккөздермен өз бетінше жұмыс істеу, нәтижелерін шетелдік басылымдарда жариялау және халықаралық ғылыми жобаларға қатысу қабілетін қамтамасыз ету үшін шет тілін меңгеру деңгейін арттыру. Тілдік құзыреттер Академияның әлемдік ғылыми қауымдастыққа кірігуінің негізгі факторы болады.

Академияның ғылыми қызметінде жасанды интеллект құралдарын қауіпсіз, этикалық және ашық қолдануды қамтамасыз ету, сондай-ақ қызметкерлерді заманауи ЖИ технологияларымен жұмыс істеудің практикалық дағдыларына оқыту. Бұл бағыт ЖИ бойынша нормативтік базаны әзірлеу
мен персоналға арналған «ЖИ-ғылым» білім беру курсын қамтиды.

ІІМ-нің бейінді мамандықтары бойынша докторлық диссертацияларды қорғауға арналған өзінің диссертациялық кеңесін Академияда құру, сол арқылы жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлаудың толық инфрақұрылымын қамтамасыз ету. Кеңестің ашылуы Академияның ғылыми мектебін нығайтып, ғылыми кадрларды аттестаттау кезінде сыртқы ұйымдарға тәуелділікті азайтады.

ІІМ Басқару академиясының ведомстволық журналының ғылыми мәртебесі мен дәйексөз алу индексін арттыру. Журналды ұлттық
және халықаралық дәйексөз келтіру базаларына, сондай-ақ ұсынылатын ғылыми басылымдар тізбесіне енгізуге қол жеткізу қажет, бұл Академияның беделін нығайтып, жарияланатын зерттеулердің аудиториясын кеңейтеді.

Халықаралық және отандық серіктестер желісін жүйелі дамыту, бірлескен жобалар мен гранттарға қатысу, сондай-ақ қызметкерлердің академиялық ұтқырлығын арттыру есебінен Академияның ғылыми әлеуетін нығайту.
Кең әріптестік білім алмасуды күшейтіп, Академияның жаһандық ғылыми қауымдастыққа кірігуін қамтамасыз етеді.

Академияның өзінің ғылыми және оқу-әдістемелік өнімін шығарудағы тәуелсіздігі мен жеделдігін қамтамасыз ету. Өз баспаханасы мен редакциялық-

баспа бөлімін құру шығарылатын материалдардың сапасын арттырып, оларды тұтынушыға жеткізуді жеделдетеді және Академияның баспа әлеуетін күшейтеді.

4 Стратегиялық бағыт. Цифрлық экожүйе мен инновациялық оқытуды қалыптастыру

Академияны дамытудың осы стратегиялық бағытын іске асыру білім беру бағдарламаларын кешенді жаңғырту, оқыту әдістемелерін жетілдіру және білім беру процесіне цифрлық технологияларды жүйелі енгізу арқылы қамтамасыз етіледі.

Білім беру бағдарламаларын жаңғырту ең алдымен ішкі істер органдары қызметінің әртүрлі салаларында жасанды интеллектті қолдану, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану, қылмыстылықты болжауда цифрлық шешімдерді енгізу, сондай-ақ дәлелді профилактика әдістерін және өзге де заманауи тәсілдерді меңгеру сияқты өзекті бағыттар бойынша жаңа оқу пәндерін енгізу есебінен жүзеге асырылады.

Білім беру траекториясын кезең-кезеңімен қайта құрылымдау жекелеген тақырыптар немесе пәндер білім алушылардың өз бетінше меңгеруін көздейтін модульдік және гибридті оқыту форматтарын енгізуде көрінеді. Формальды емес білім беру нәтижелерін Академияның білім беру бағдарламасының бір бөлігін меңгеру есебіне тану жүйесі әзірленеді (МЖМБС-тың 22-тармағы).
Осы Стратегияны жүзеге асырудың алғашқы кезеңінде тиісті деңгейдегі IELTS, TOEFL сертификаттары «Шет тілі» пәнін меңгеру есебіне танылады.

Академияда жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дараландыру қағидаттарын енгізу білім алушыларға ғылыми-зерттеу қызметінің басым бағыттары мен қызметтік міндеттерін ескере отырып, кәсіби және зерттеушілік құзыреттер жиынтығын икемді түрде қалыптастыруға мүмкіндік беретін жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша даярлаудың практикалық-бағдарлы сипатын қамтамасыз ету тек практикалық сабақтар көлемін ұлғайту есебінен ғана емес, сонымен қатар құқық қорғау қызметінің өзекті міндеттерін шешуге және ғылыми зерттеулер нәтижелерін практикаға енгізуге бағдарланған Ішкі істер министрлігінің орталық аппаратының құрылымдық бөлімшелерінде мазмұнды тағылымдамалар
мен практикаларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

Даярлаудың жекелеген қолданбалы бағыттары бойынша
(МЖМБС 2-бабының 13-тармағы), соның ішінде, мысалы, ұшқышсыз ұшу аппараттарын пайдалану және қолдану саласында, біліктілік беру Академиядағы қосымша оқу нәтижесі ретінде қарастырылады. Бұл тәсілді іске асыру құқық қорғау қызметінің ерекшелігін ескере отырып, ішкі істер органдары кадрларын даярлау мен олардың біліктілігін арттырудың ведомстволық жүйесі шеңберінде жүзеге асырылады. Түлектердің түйінді және кәсіби құзыреттеріне қойылатын талаптарды жетілдіру өзекті сын-қатерлерге, қауіптер мен ІІО алдында туындайтын міндеттерге, сондай-ақ білім беру

бағдарламалары мазмұнының жаңартылуына және құзыреттілік моделіне бейімделе отырып тұрақты түрде жаңартылып отырады.

Жекелеген пәндер бойынша көптілді оқыту бағдарламаларын енгізу, шет тілін оқуда IELTS, TOEFL сертификаттау нәтижесін тану Академияның интернационалдық білім беру ортасына енуіне мүмкіндік береді.

Қос дипломды жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын дамыту қазақстандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен ІІО қызметкерлерін және өзге де салалар мамандарын даярлаудың сабақтас бағыттары бойынша серіктестік өзара іс-қимыл арқылы жүзеге асырылады.

Оқыту процесіне бай теориялық немесе практикалық тәжірибесі бар, соның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдардан шақырылған сарапшыларды енгізу Академиядағы білім беру процесін қосымша сараптамалық мазмұнмен толықтырады.

Білім алушылардың білімін бағалау жүйесін жетілдіру академиялық адалдық қағидаттарына сәйкес жинақтаушы әсер, ашықтық және объективтілік әдістерін енгізу арқылы дамиды. Бұл бағыттағы құралдар прокторинг жүйелері, плагиатқа тексеру, генеративті жасанды интеллектіні қолдану этикасын белгілеу болады.

Академияның профессорлық-оқытушылық құрамының білімін тұрақты түрде жаңарту оқыту сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады және бұл ППС өкілдерін жеке тәртіппен оқуға жіберу және Академия базасында да, сыртқы ұйымдарда да топтық оқыту арқылы жүзеге асырылады.

Академия профессорлық-оқытушылық құрамының педагогикалық белсенділігін арттырудың драйвері ішкі рейтингтік іс-шараларды өткізу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің және өзге де аккредиттелген ұйымдардың тиісті конкурстарына қатысу болады.

Дайындықтың озық шетелдік тәжірибесін интеграциялау ынтымақтастық туралы жасалған келісімдер шеңберінде шетелдік полиция академиялары мен орталықтары арасында білім беру бағдарламаларымен алмасу, профессорлық-оқытушылық құрамның әртүрлі мерзімдегі алмасуы арқылы жүзеге асырылады.

Оқу полигондарының, зертханалардың және мамандандырылған сыныптардың тізбесін тұрақты жаңарту мен кеңейту Академиядағы білім беру процесінің практикалық бағдарлылығын қамтамасыз етудің кепілі болып табылады. Алғашқы кезеңдердің бірі Huawei Академиясының АКТ-орталығын іске қосу болуы мүмкін.

Академиядағы оқу процесін цифрландыру кадрлар даярлауды жаңғыртудың жүйелі бағыты ретінде іске асырылып, өзара байланысты шаралар кешенін қамтиды. Атап айтқанда, оқу материалдарына, интерактивті оқыту форматтарына және білім алушылар мен оқытушылардың қашықтан өзара іс-қимылына қол жеткізуді қамтамасыз ететін цифрлық және коммуникациялық білім беру ресурстарын дамыту көзделеді.

Білім беру процесіне басқарушылық, жедел-қызметтік және дағдарыстық жағдайларды ішкі істер органдары қызметінің нақты жағдайларына жақындата

отырып модельдеуге бағдарланған симуляциялық технологияларды, VR/AR тренажерларын және ситуациялық орталық элементтерін белсенді енгізу жоспарлануда.

Білім беру нәтижелерінің объективтілігі мен басқарылуын арттыру үшін білім алушылардың кәсіби және басқарушылық құзыреттерінің қалыптасуын бағалау мен мониторингтеудің талдамалық жүйелерін, оның ішінде цифрлық портфельдер мен ағымдағы және қорытынды бақылау деректерін пайдалана отырып енгізу жүзеге асырылады.

Цифрландырудың негізгі инфрақұрылымдық элементі ведомстволық ақпараттық жүйелермен интеграцияланған және күндізгі, қашықтан және гибридті оқыту нысандарын қолдауды қамтамасыз ететін Ішкі істер министрлігінің бірыңғай электрондық білім беру платформасын құру және кезең-кезеңімен дамыту болады.

5 Стратегиялық бағыт. Академияның кадрлық әлеуетін, сондай-ақ материалдық-техникалық және ресурстық қамтамасыз етілуін дамыту

Академияны дамытудың осы стратегиялық бағытын іске асыру білім беру, ғылыми және басқарушылық қызмет сапасын арттыруды, сондай-ақ Академияны ішкі істер органдары қызметінің заманауи талаптары мен серпінді өзгеріп отыратын жағдайларына бейімдеуді қамтамасыз ететін кадрлық, материалдық-техникалық және ресурстық қамтамасыз етудің орнықты әрі теңгерімді жүйесін қалыптастыруға бағытталатын болады.

Академияның кадрлық әлеуетін дамыту кадрларды іріктеу тетіктерін, оларды даярлау және кәсіби дамыту жүйесін, оның ішінде рекрутинг, хедхантинг және талант-менеджмент әдістерін қолдану арқылы жетілдіруді қамтитын кешенді тәсіл негізінде жүзеге асырылуы көзделеді.

Кадр құрамын жаңарту заманауи кәсіби және цифрлық құзыреттерге, сондай-ақ ғылыми және педагогикалық қызметке әлеуеті бар перспективалы жас мамандарды тартуды қамтитын рекрутинг (recruiting) элементтері арқылы жүзеге асырылады. Сырттан кандидаттарды іздеумен қатар Академияның ең табысты магистранттары мен докоранттарын іріктеу де көзделеді.

Академияның нақты міндеттері үшін тар бейінді мамандарды іздеу жүйесін әзірлеу кандидаттарды бағалау элементтерімен хедхантинг (headhunting) әдістеріне негізделеді. Академия қызметіне өзге салалардың сарапшыларын қысқа мерзімге тарту мақсатында тиісті шарттық және еңбек қатынастарының тетіктері әзірленетін болады.

Академияның жеке құрамымен жұмысқа таланттарды басқару (talent management) жүйесі енгізіледі, мұнда профессорлық-оқытушылық құрамның біліктілігін жүйелі арттыруға, тағылымдамалар мен ғылыми іссапарлар практикасын кеңейтуге, оның ішінде бейінді білім беру және ғылыми ұйымдарда, сондай-ақ ішкі істер органдары бөлімшелерінде өтуіне ерекше назар аударылады. Академия қызметкерлерінің уәждемесін арттыру және олардың кәсіби өсуін ынталандыру қызмет нәтижелілігін бағалау тетіктерін енгізу, ғылыми, білім беру және ведомстволық конкурстарға қатысу

практикасын кеңейту, сондай-ақ кәсіби танылу мен бастамашылдықты дамытуға жағдай жасау, оның ішінде шығармашылық жеңілдіктер арқылы қамтамасыз етіледі. Бұл тәсіл персоналдың Академияның стратегиялық міндеттерін іске асыруға тартылуын арттыруға және үздіксіз кәсіби жетілу мәдениетін дамытуға бағдарланған.

Еңбек нарығының серпінділігі корпоративтік университет институтын бекіту қажеттілігін туындатады, онда мамандардың білімі мен тәжірибесі сақталып, Академия персоналды тиімді жұмыс істеуге қажетті дағдыларға тұрақты оқытумен қамтамасыз етіледі.

Академияның материалдық-техникалық базасын жаңғырту басқарушылық, кадрлық және талдамалық даярлауға арналған мамандандырылған аудиторияларды, лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуі, мультимедиялық жабдығы және бейнеконференцбайланыс құралдары бар компьютерлік сыныптарды жабдықтауды, сондай-ақ практикалық басқарушылық шешімдерді пысықтауға арналған оқу-ғылыми зертханалар мен ситуациялық орталықтарды дамытуды қоса алғанда, оқу және ғылыми инфрақұрылымның нақты түрлерін жаңарту есебінен жүзеге асырылады. Ішкі істер органдары қызметінде қолданылатын қызметтік және басқарушылық процестерді модельдеуге жағдай жасауға ерекше назар аударылады.

Академия қызметінің барлық бағыттарын ауқымдаудың негізі қолда бар ғимарат шеңберінде қосымша үй-жайларды жедел басқаруға беру, ІІМ-нің қолда бар ғимараттарынан қосымша алаңдарды, оның ішінде жаңа ғимаратты сатып алу арқылы пайдалы алаңдарды кеңейту болады.

Академияның оқу, ғылыми және басқарушылық қызметін ресурстық қамтамасыз етуді дамыту негізгі бюджеттік қаржыландыруды ұлғайтуға, халықаралық және мемлекеттік емес сектордан донорларды тартуға, ақылы білім беру қызметтерін көрсетуге, гранттық қаржыландыруды, сондай-ақ өзінің эндаумент-қорын бекітуге және дамытуға бағытталады.

Аталған шараларды іске асыру Академияның материалдық-техникалық және ресурстық базасын жүйелі жаңартуды қамтамасыз етеді, білім беру және ғылыми процестердің сапасын арттырады әрі ішкі істер органдары қызметінің заманауи талаптарына сәйкес басқарушы кадрларды даярлаудың практикалық-бағдарлы ортасын қалыптастырады.

6 Стратегиялық бағыт. Халықаралық ынтымақтастықты дамыту және нығайту

Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясы халықаралық ынтымақтастықты білім беру, ғылыми-талдамалық, кадрлық және инновациялық-технологиялық қызметтің барлық негізгі бағыттарын дамытудың басты құралдарының бірі ретінде қарастырады. Қауіпсіздікке төнетін заманауи қатерлердің трансұлттық сипаты, құқық қорғау қызметін цифрландырудың өсуі және полиция даярлығының халықаралық стандарттарының рөлінің күшеюі жағдайында орнықты халықаралық серіктестік байланыстарды дамыту стратегиялық қажеттілікке айналады.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту және нығайту жетекші шетелдік ведомстволық қауымдастықтармен, полиция академияларымен және халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимылды кеңейту, сондай-ақ халықаралық тәжірибені білім беру және ғылыми процестерге интеграциялау арқылы қамтамасыз етіледі.

Осы бағытты іске асыру шеңберінде Академия эпизодтық халықаралық өзара іс-қимылдан ұзақ мерзімді бірлескен жобалар мен орнықты серіктестіктерге бағдарланған жүйелі және институционалдық тұрғыдан рәсімделген ынтымақтастық моделіне біртіндеп көшетін болады.

Негізгі вектор шетелдік полиция академияларымен және ведомстволық университеттермен желілік форматтағы өзара іс-қимылды дамыту болады. Полицияның басқарушы кадрларын даярлау саласында оқытушылармен, білім алушылармен және ғылыми қызметкерлермен тұрақты алмасуды, оқу бағдарламаларын бірлесіп әзірлеуді және білім беру стандарттарын келісуді қамтамасыз ететін орнықты кәсіби альянстар құру көзделеді.

Қос дипломды бағдарламаларды, қысқа мерзімді модульдік курстарды, халықаралық тренингтер мен мамандандырылған семинарларды қоса алғанда, бірлескен білім беру бағдарламаларын дамытуға ерекше назар аударылады. Бұл бағдарламалар полициядағы стратегиялық басқару, құқық қорғау органдарының цифрлық трансформациясы, қылмыстылықты талдау және болжау, киберқауіпсіздік, көші-қон және шекара қауіпсіздігі, сондай-ақ қылмыстық-атқару жүйесін басқару сияқты ІІМ үшін басым бағыттарға бағдарланатын болады.

Халықаралық ынтымақтастықтың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін Академия шетелдік серіктестердің институционалдық қатысу нысандарын, соның ішінде шетелдік ведомстволық жоғары оқу орындарының филиалдарын ашуды, бірлескен оқу және ғылыми орталықтар құруды, сондай-ақ мамандарды бірлесіп даярлаудың ұзақ мерзімді бағдарламаларын енгізуді белсенді түрде дамытуды жоспарлайды. Мұндай тәсіл халықаралық практикаларды тікелей Академияның білім беру ортасына кіріктіруге және оларды ұлттық контекстке бейімдеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қауіпсіздік, құқықтық тәртіп және мемлекеттік институттарды дамыту мәселелеріне маманданған халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара іс-қимылды кеңейту маңызды бағытқа айналады. БҰҰ жүйесі ұйымдарымен, Еуропалық Одақ құрылымдарымен, сондай-ақ бейінді халықаралық бағдарламалармен және қорлармен ынтымақтастықты тереңдету жоспарлануда. Бұл өзара іс-қимыл Академияның білім беру және ғылыми бастамаларын жүзеге асыру үшін сараптамалық қолдау, әдіснамалық көмек, білім беру ресурстары және гранттық қаржыландыру тартуға бағытталады.

Академия сондай-ақ тыңдаушылардың, оқытушылардың және зерттеушілердің шетелдік тағылымдамаларға, оқу сапарларына және ғылыми жобаларға қатысуы үшін жағдай жасай отырып, халықаралық академиялық ұтқырлықты дамытуды көздейді. Академиялық ұтқырлық полиция қызметі мен мемлекеттік басқарудың әртүрлі модельдерін салыстырмалы

талдау негізінде қалыптасатын басқарушылық ойлауды дамыту тетігі ретінде қарастырылады.

Құқық қорғау органдарын цифрландырудың жаһандық үрдістерін ескере отырып, технологиялар мен инновациялар саласындағы халықаралық ынтымақтастықты дамытуға ерекше назар аударылады. Академия оқу процесіне жасанды интеллектті, талдамалық жүйелерді, цифрлық криминалистиканы және оқытудың симуляциялық технологияларын қоса алғанда заманауи цифрлық шешімдерді енгізу үшін технологиялық компаниялармен, зерттеу орталықтарымен және талдамалық платформалармен серіктестік орнатуды жоспарлайды.

Осы стратегиялық бағыт шеңберінде Академияның білім беру және ғылыми процестеріне шетелдік сарапшыларды белсенді тарту көзделеді. Шақырылған дәрістер, ғылыми зерттеулерге бірлесіп жетекшілік ету, халықаралық мамандардың оқу материалдарын әзірлеуге және білім беру бағдарламаларын сараптамалық бағалауға қатысу практикасын кеңейту жоспарлануда.

Халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытуға да ерекше назар аударылады. Бұл ғылыми зерттеулер сапасын арттыруға, олардың халықаралық стандарттармен салыстырмалылығын қамтамасыз етуге және Академияның ғылыми беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Осы стратегиялық бағытты іске асыру ішкі істер органдарының басқарушы кадрларын даярлау жүйесін жаңғыртуға және Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясын жаһандық кәсіби қауымдастыққа интеграциялауға бағытталған орнықты халықаралық желіні қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жоспарланған шаралар Басқару академиясының Орталық Азиядағы полиция қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі өңірлік хаб ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Осы Стратегияда көзделген Академияны дамытудың стратегиялық бағыттарын дәйекті жүзеге асыру мынадай күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Ішкі істер органдарының басшы кадрларын даярлау сапасы артады: тыңдаушылар мемлекеттік басқару мен құқық саласында жүйелі білім алады, стратегиялық сипаттағы жедел-қызметтік міндеттерді шешу үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін меңгереді.

Ішкі істер органдары міндеттері бойынша ғылыми негізделген шешімдерді дербес талдау және қабылдау дағдыларына ие жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлау қамтамасыз етіледі.

Академия жетекші ұлттық ғылыми-талдамалық орталық ретінде орнығады. Ол қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі үшін сұранысқа ие ғылыми білім мен талдамалық өнімдерді өндіруді қамтамасыз ететін орнықты бәсекеге қабілетті ғылыми ортаны қалыптастырады.

Заманауи цифрлық білім беру экожүйесі құрылады. Инновациялық технологиялар мен цифрлық шешімдер оқытудың ажырамас бөлігіне айналады; ситуациялық модельдеуді, ЖИ-құралдарын және практикалық-бағдарлы даярлау әдістерін кеңінен қолдану білім берудің сапалық жаңа деңгейін қамтамасыз етеді.

Академияның жоғары ғылыми-теориялық және практикалық құзыреттерге ие орнықты кадрлық әлеуеті қалыптасады; материалдық-техникалық инфрақұрылым құрылады және дамытылады, сондай-ақ Академияны дамыту үшін бюджеттен тыс қаражат тарту қамтамасыз етіледі.

Халықаралық ынтымақтастықты дамыту шетелдік білім беру ұйымдарымен және мекемелермен орнықты серіктестік байланыстар орнатуға алып келеді; бұл Академия қызметінің негізгі бағыттарын дамытуға және әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігіне ықпалдасуға жағдай жасайды.

Жалпы алғанда, Даму стратегиясын іске асырудың қол жеткізілген нәтижелері Академияға оқу орнының ерекше мәртебесін алуға үміткер болуға мүмкіндік береді.

ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ МЕРЗІМДЕРІ

Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясын дамытудың стратегиялық жоспары кезең-кезеңімен іске асырылады:

− бірінші кезең — 2026 жыл;

− екінші кезең — 2027 жыл;

− үшінші кезең — 2028 жыл.

Әрбір кезең аяқталғаннан кейін аралық мақсаттарға қол жеткізу және енгізілетін шаралардың оң әсерін ұлғайту жоспарланады.

Мерзімдер, нақты іс-шаралар тізбесі және олардың аяқталу нысаны осы Стратегияны жүзеге асыру жоспарында бекітіледі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Стратегия Академияны дамытудың бағдарламалық құжаты ғана емес, сонымен бірге Қазақстан Республикасы ІІМ басқарушылық және ғылыми кадрларын даярлау жүйесін институционалдық тұрғыдан нығайтудың құралы болып табылады, ол аталған жүйенің мемлекеттік саясаттың, ұлттық қауіпсіздіктің және құқық қорғау органдарының орнықты дамуының заманауи әрі перспективалық талаптарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Академия басшы құрамды даярлау, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді дамыту және құқық қорғау қызметіндегі басқарушылық шешімдерді ғылыми-талдамалық сүйемелдеу функцияларын ұштастыратын ведомстволық үлгідегі білім беру және ғылыми ұйым әлеуетіне ие.

Магистратура мен PhD докторантураның лицензияланған бағдарламаларының болуы, Ғылыми-зерттеу институтының жұмыс істеуі, басшылардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын іске асыруда жинақталған тәжірибе, сондай-ақ Академияның халықаралық кәсіби және ғылыми-білім беру желілеріне интеграциясы ведомстволық ғылымды дамытуға және жаңа форматтағы кадрларды даярлауға тұрақты әлеует қалыптастырады. Академия іс жүзінде ІІМ-нің басқарушылық білім беру, талдау және құқық қорғау қызметіне инновациялық тәсілдерді енгізу саласындағы құзырет орталығының функцияларын орындайды.

Қоғамдық қатынастардың трансформациясы, трансұлттық және киберқатерлердің өсуі, құқық қорғау қызметін цифрландыру және мемлекеттік басқару сапасына қойылатын талаптардың күшеюі жағдайында Академия негізінен білім беру мекемесі моделінен ІІМ-нің басқарушылық шешімдерін дәлелді сүйемелдеуді, деректерді талдау мен ведомствоаралық өзара іс-қимылдың заманауи құралдарын меңгерген басшыларды даярлауды қамтамасыз ететін ведомстволық ғылыми-білім беру және талдамалық орталық моделіне көшуге тиіс.

Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының 2026–2028 жылдарға арналған даму стратегиясының алға қойылған міндеттерін іске асыру дәл осындай даму моделін қалыптастыруға бағытталған. Көзделіп отырған стратегиялық бағыттар мыналарды қамтамасыз етеді: кадрлық және ғылыми әлеуетті нығайтуды; білім беру бағдарламалары мен инфрақұрылымды жаңғыртуды; білім беру және ғылыми қызметтің жүйелі цифрлық трансформациясын; ғылыми-талдамалық көшбасшылықты дамытуды; халықаралық ынтымақтастықты кеңейтуді және басқарушы кадрларды даярлаудың үздік шетелдік тәжірибелерін интеграциялауды; басқару тиімділігін арттыруды.

Стратегия іс-шараларын дәйекті орындау ІІМ құрылымында басқарушы және ғылыми кадрларды даярлау мен дамытудың орнықты орталығын құруға мүмкіндік береді.